

А.Ж.Тұрысбаева,<sup>1</sup>  А.Т.Туралбаева<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕТАПӘНДІК НӘТИЖЕЛЕРІН ДАМЫТУДА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ҚОЛДАНУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды теориялық талдау және модельдеу ұсынылады. «Метапән» ұғымының ішкі мазмұнын құраушы компоненттері беріледі. Метапәндік нәтиже, қалыптастырушы бағалау бойынша әлемдік пост зерттеулер және қалыптастырушы бағалаудың халықаралық жүйесі сипатталады. Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдану – педагогикалық мәселе ретінде түсіндіріледі. Әдіснамалық негізін жүйелік, метапәндік және құзыреттілік тұғырлар құрайтындығы баяндалады. Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды модельдеуде тұжырымдамалық, процессуалдық, пәндік-мазмұндық және бағалау-нәтижелік блоктар, оған сәйкес компоненттер, өлшем мен көрсеткіштер талданады. Қалыптастырушы бағалау стратегияларын жүзеге асырудың үлгісі көрсетіледі. Талдауларға сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдану алгоритмдерінің барысы беріледі.

Эмпирикалық бөлімде реттеушілік, оқу-танымдық және коммуникативтік әмбебап оқу әрекеттері арқылы диагностика жүргізіледі. Әмбебап оқу әрекеттері арқылы метапәндік нәтижені дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды түсіну деңгейін анықтауға мұғалімдер мен оқушыларға арналған сауалнама жүргізілді. Сауланаманың жүргізілу мазмұны беріліп, оның нәтижелері кесте және диаграммалар арқылы көрнекі түрде сандық және сапалық тұрғыдан өңделді.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып оқушылары, метапәндік білім, метапәндік басқару, метапәндік нәтиже, қалыптастырушы бағалау.

Тұрысбаева А.Ж.,<sup>1</sup>  Туралбаева А.Т.<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФОРМИРУЮЩЕГО ОЦЕНИВАНИЯ В РАЗВИТИИ МЕТАПРЕДМЕТНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

*Аннотация*

В данной статье предлагается теоретический анализ и моделирование использования формирующего оценивания в развитии метапредметных результатов младших школьников. Даны составляющие внутреннего содержания понятия «метапредмет». Характеризуется метапредметным результатом, мировыми постисследованиями по формирующей оценке и международной системой формирующей оценки. Использование формирующего оценивания в развитии метапредметных результатов младших школьников трактуется как педагогическая проблема. Отмечается, что методологическую основу составляют системный, метапредметный и компетентностный подходы. В моделировании применения формирующего оценивания в развитии метапредметных результатов младших школьников анализируются концептуальные, процессуальные, предметно-содержательные и оценочно-результативные блоки, соответствующие им компоненты, критерии и показатели. Показана модель реализации стратегий формирующей оценки. На основе анализа дается ход алгоритмов применения формирующего оценивания в развитии метапредметных результатов младших школьников.

В эмпирическом разделе проводится диагностика посредством регулятивных, учебно-познавательных и коммуникативных универсальных учебных действий. для определения уровня понимания использования формирующего оценивания в развитии метапредметного результата через универсальные учебные действия был проведен опрос учителей и учащихся. Было дано содержание проведения сауланамы, результаты которого были визуально обработаны количественно и качественно с помощью таблиц и диаграмм.

**Ключевые слова:** учащиеся начальных классов, метапредметное образование, метапредметное управление, метапредметный результат, формирующее оценивание.

Turysbayeva A., <sup>1</sup> Turalbayeva A. <sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

## THE USE OF FORMATIVE ASSESSMENT IN THE DEVELOPMENT OF META-SUBJECT RESULTS OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

### Abstract

This article offers a theoretical analysis and modeling of the use of formative assessment in the development of meta-subject results of primary school students. The components of the internal content of the concept of «meta-subject» are given. It is characterized by a meta-objective result, world post-research on formative assessment and an international system of formative assessment. The use of formative assessment in the development of meta-subject results of younger schoolchildren is interpreted as a pedagogical problem. It is noted that the methodological basis consists of systematic, meta-subject and competence-based approaches. In modeling the use of formative assessment in the development of metasubject results of primary school students, conceptual, procedural, substantive, and evaluative-effective blocks, their corresponding components, criteria, and indicators are analyzed. A model for implementing formative assessment strategies is shown. Based on the analysis, the course of algorithms for the application of formative assessment in the development of meta-subject results of younger schoolchildren is given.

In the empirical section, diagnostics is carried out through regulatory, educational, cognitive and communicative universal educational actions. A survey of teachers and students was conducted to determine the level of understanding of the use of formative assessment in the development of a meta-objective result through universal learning activities. The content of the saulanama was given, the results of which were visually processed quantitatively and qualitatively using tables and diagrams.

**Keywords:** primary school students, meta-subject education, meta-subject management, meta-subject result, formative assessment.

**Кіріспе** Бастауыш сынып оқушылардың метапәндік нәтижелерін дамытуда олардың оқу әрекетін бағалау жүйесінің басқаша болуын, оқушылардың метапәндік білімі сапалы болуы үшін сенімді бағалау жүйесінің қажеттілігін бастауыш мектеп мұғалімдері түсінеді.

Қалыптастырушы бағалау технологиясы оқушылардың метапәндік нәтижелерін дамытуда мұғалім мен оқушының кері байланысы желісін құрып, сол арқылы үздіксіз бір-бірімен байланыста болады. Мұндай байланыс сабақ тақырыбының маңызды тұстарының, түйткілді мәселелерінің, құнды қырларының түсінілуіне тірек болады. Қалыптастырушы бағалау технологиясы бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуға бағытталған оқу процесі негізінде жүзеге асырылып, осы бағыттағы білім алу процесінің сапалы деңгейге көтерілуіне негіз қалайды. Бұл аталған факторлар қалыптастырушы бағалаудың бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытудың өзегі, орталығы болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «15) формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді», - деп берілген [1].

Құжатта көрсетілген қалыптастырушы (формативті) бағалауды оқыту процесінде қолданып, жүзеге асыруда Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА және НЗМ ДББҰ Педагогикалық өлшемдер орталығы бірігіп әзірлеген «Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критерилды бағалау бойынша нұсқаулықта» қалыптастырушы бағалауды білім беру процесінің маңызды бір бөлігі деп анықтайды. Қалыптастырушы бағалауда мұғалім мен оқушының арасында үздіксіз кері байланыс орнатылуының маңыздылығын атап көрсетеді [2,3].

Бұл аталған құжатта авторлар қалыптастырушы бағалауды жүргізу барысы туралы, қалыптастырушы бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктері туралы, оқушымен жеке

жұмыс жасау жұптық жұмыс жасау және топтық жұмыс жасау кезіндегі қалыптастырушы бағалаудың ерекшеліктері, кері байланыс орнатудың жолдары мен әдістері туралы, қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау жасайды.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдану – білім мен дағдыларды шынайы оқу процесінің нәтижелеріне сай бағалау болып табылады. Осы жерде оқыту үдерісінің нәтижелері мен оқыту сапасы туралы, педагогикалық өлшемдер мен сапалы оқытуды ұйымдастырудың жаңа технологиялары туралы зерттеулердің қажеттілігі айқын танылады.

Қалыптастырушы бағалау туралы қысқаша мазмұндалған аталған құрал 2017 жылы жарық көрген, ал қалыптастырушы бағалаудың жалпы жүйесі туралы толыққанды әдістемелік құрал әлі де өзінің кезегін күтуде. Бастауыш сынып мұғалімдерінің қалыптастырушы бағалауды қолдануы бойынша озық тәжірибелерін ортаға салып отырғанын басылымдар мен интернет-желілері, платформаларды талдау барысында тәжірибедегі деңгейі анықталды [4].

Қалыптастырушы бағалау туралы шетелдік зерттеулер мен тәжірибелер арнайы жұмыстар жасалып, күнделікті жаңалықтармен толықтырылуда. Қазақстанда да осы қалыптастырушы бағалау жүйесіне арнайы әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру қажеттігі бар екеніне талдау барысында көз жеткізілді. Осы талданған құжаттар мен негізгі талдаулар барысында бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытудағы қалыптастырушы бағалауды қолданудың өзі басты құрал болып табылады.

*Негізгі ережелер.* - метаәрекет – адамның пәннен тысқары тұратын әмбебап әрекеттері;

- метабілім – білім туралы білім, нақты айтқанда, меңгерілетін білім мазмұны қалай құрылған, құрылымында қандай элементтер бар дегенді білдіреді және оқу-танымдық әдістері мен амал-тәсілдері, оларды қолдану туралы білім, когнитивтік дағдылары, қабылданатын білімнің қасиеті мен құндылығы туралы білім;

- метақабілет – адамның алдына қойылған міндетті шешуге керекті жаңа тәсілдерді танып, жаңа жоспарлар мен білім мазмұнын іздеп таба алуға мүмкіндік беретін әдістерін игеруі;

- метадағдылар – оқу-танымдық дағдылар – сұрақ қоя білу, құбылыстардың себебін іздене білуі, өзін қоршаған әлемді шынайы сезіне алуы, мәселені өзінің түсінуінше көрсете алуы;

- метаойлау – неологизм, ұйымдастырылған ұжымдық әрекеттің контекстіне енгізілген зияткерлік, коммуникативтік ойлардың кешені;

- метабасқару – басқару жүйесінің өзін басқару, бұл - жүйенің ішкі жүйелері мен элементтерінің үйлесімді және тиімді жұмысын қамтамасыз етуге, сонымен бірге қажет болған жағдайда оны өзгертуге (дамытуға) бағытталған басқару деп түсіндіріледі;


- қалыптастырушы бағалау - оқушыларға өздері игеруі тиіс оқу стандарттарын түсінуіне көмектесетін, оқушыларға оқу барысында алдағы қадамда не істеу керектігін түсінуіне көмектесетін кері байланысты қамтамасыз ететін, оқушының білім алуында жақсы жетістіктерге жетуіне деген өз сенімін нығайта түсетін, мұғалім мен оқушының бірлесе рефлексия жасауына мүмкіндік беретін құрал;

- тұжырымдамалық, процессуалдық, пәндік-мазмұндық және бағалау-нәтижелік блоктары мен оған сәйкес түзілген мотивациялық компонент, мазмұндық компонент, рефлексиялық-компоненттер.

**Материалдар мен әдістер.** Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды модельдеуде теориялық зерттеу әдістері, әдіснамалық тұғырлары, құрылымдық-мазмұндық сипаты (компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштер), эмпирикалық зерттеу әдістерінің тиімді әрі қажеттілері қолданылады.

Метапән туралы қарастырған еңбектерді талдау барысында логика ғылымына сүйене отырып, «метапән» ұғымының ішкі мазмұнын құраушыларды келесі формада нақтылауға болады. Олар: метаәрекет, метабілім, метақабілет, метадағдылар, метаойлау, метабасқару, метабасқарудан тұратын құраушы компоненттер. Оны біз 1-суретте ұсынып отырмыз.

Мұндағы *метаәрекет* – адамның пәннен тысқары тұратын әмбебап әрекеттері; *метабілім* – білім туралы білім, нақты айтқанда, меңгерілетін білім мазмұны қалай құрылған, құрылымында қандай элементтер бар дегенді білдіреді және оқу-танымдық әдістері мен амал-тәсілдері, оларды қолдану туралы білім, когнитивтік дағдылары, қабылданатын білімнің қасиеті мен құндылығы туралы білім; *метақабілет* – Ю.Н.Кулюткиннің анықтауынша, адамның алдына қойылған міндетті шешуге керекті жаңа тәсілдерді танып, жаңа жоспарлар мен білім мазмұнын іздеп таба алуға мүмкіндік беретін әдістерін игеруі [5]; *метадағдылар* – В.В.Краевскийдің анықтауынша, *оқу-танымдық дағдылар* – сұрақ қоя білу, құбылыстардың себебін іздене білуі, өзін қоршаған әлемді шынайы сезіне алуы, мәселені өзінің түсінуінше көрсете алуы; *шығармашылық қасиеттері*, шабыт, қиял, қайшылықтарға деген сезімтал болуы, зерек болуы, сезімін, ойын ашық білдіре алуы қозғалысының еркін болуы, сыни көзқарасты, болжағыш, өз пікірі болуы; *әдіснамалық немесе ұйымдастыру әрекетшіл қасиеттері* – оқу мақсаттарын саналылықпен түсінуі, оларды түсіндіре алуы, оқу мақсатына қол жеткізу үшін өз мақсаты мен жету жолдарын алдына нақты қоя білуі, заң шығармашылығы болуы, рефлексивтік ойлауға қабілетті болуы, өзінің іс-әрекетін талдай білуі, өз әрекетін бағалай білуі; *коммуникативтік дағдылар* – атап айтқанда, басқа адамдармен, қоршаған әлем нысандарымен тіл табысуы, ақпараттар ағынымен жұмыс жасауы, ақпаратты іздеп табуы, өңдеп-өзгертуі, жеткізуі, сақтай білуі, сыныпта немесе топта түрлі әлеуметтік рөлдерді орындай алатын болуы, заманауи АКТ-ны еркін пайдалана алатын болуы; *дүниетанымдық қасиеттері* – баланың эмоциялық, құндылық ұстанымдары болуы, жетістіктерге жетуіне өзінің де белсене қатысуы, өзіндік дүниетанымдық көзқарасы болуы, отбасында, мектепте, сыныпта, табиғат аясында, қоғамда, мемлекетте, әлемде өзінің орнын жақсы білетін болуы, өзінің адамгершілік және ұлттық ұмтылыстарын айқын білуі, толерантты болуы, өз елінің патриоты болуы [6]; **метаойлау** – неологизм, ұйымдастырылған ұжымдық әрекеттің контексіне енгізілген зияткерлік, коммуникативтік ойлардың кешені [6, 58б]; **метабасқару** – басқару жүйесінің өзін басқару [7], бұл - жүйенің ішкі жүйелері мен элементтерінің үйлесімді және тиімді жұмысын қамтамасыз етуге, сонымен бірге қажет болған жағдайда оны өзгертуге (дамытуға) бағытталған басқару деп түсіндіріледі.



1 – сурет. «Метапән» ұғымының ішкі мазмұнын құраушы компоненттері

Метапән қандай да бір ой әрекеті тұрғысынан ұйымдасқан түзілімнің айналасына тоғысады. Мұндай ой әрекеті тұрғысынан ұйымдасқан ғылыми түзілім ретінде «білім», «таңба», «проблема», «міндет», «мән», «категория» т.б. аталып жүр. Өйткені, бұл аталғандардың барлығы әрекетшіл, сондықтан да ол аталымдар әмбебап метапәндік сипатқа ие болып келеді [8].

Жалпы, «метабасқару» ұғымының қазіргі кезеңде бұл ұғымның басқару теориясына қатысты, экономикалық-әлеуметтік жүйелерді басқаруға қатысты қолданып жүргенін, ал педагогикалық жүйеге толық енбегенін атап кету керек.

Метапән, метапәндік оқыту жүйесі мен оны басқару мәселелері метапәндік әрекеттің ерекшеліктерін және оны басқару тетіктерін анықтауды қажет ететіні белгілі. Сондықтан түрлі ғылымдар саласындағы, яғни саясат және мемлекеттік басқару, экономика, философия, логика және жүйе, техника және АКТ, менеджмент, биология және экология, әлеуметтік т.б. салалардағы метабасқару туралы заманауи зерттеулерге талдау жасай келе, метапәндік тұрғыдан оқытудағы метабасқарудың ерекшеліктерін жүйелеуге мүмкіндіктері анықтауға ұмтылды.

Біздің ойымызша, метапәндік оқыту үдерісінде пәндік оқытудың метапәндік жүйеге өтуінде сандық өзгерістердің сапаға қарай өту логикасы танылатын болады. Анықтап айтқанда, оқушыларға жекелеген бірнеше пәннен берілетін шашыранды білім мазмұндары метапән жүйесінде бірігіп, бір дүниетанымдың маңыз үлкен түйінге айналады, осылайша сандық өзгерістердің сапаға өту процесі жүзеге асырылады. Осылайша метабасқару арқылы метапәндік тұрғыдан оқытуда білімнің санын емес, білімнің сапалы жаңа эмерджентті қасиеттерін тануға мүмкіндік беретін жолдарды анықтауға болады. Метапәндік тұрғыдан оқытуды метабасқару бірқатар ерекшеліктерге ие болып келеді:

- пәндердің метапәндік жүйеге жинақталып, жекелеген білім мазмұндарының түрлі ұқрдан келіп, дүниені *біртұтас* етіп танытуға бағытталуы;

- пәндердің білім мазмұнының метапәндік жүйеде жинақтала келіп, жаңа сапалы *дамуына* мүмкіндік жасалынуы;

- пәндердің ішкі тақырыптарының әрқайсысы – тұтас дүниенің бөлшектері ретінде танылып, олардың метапәндік тұрғыдан оқытылуы арқылы *үлкен оқу мақсатына* қол жеткізілуі;

- пәндерді оқытудың функционалдық бағытынан метапәндік оқытудың *функционалдық* мүмкіндіктеріне өту арқылы оқушыға өзі өмір сүріп отырған дүниенің біртұтас болмысын саналы түрде түсінуіне, білімін өмірде пайдалануға дағдыланудың маңыздылығына баса назар аударылуы;

- метабасқарудың *иерархиялық* ерекшелігінің мүмкіндіктерін қолдана білу қажеттілігі айқындалуы; метабасқару, ғалымдардың айтуынша, әлеуметтік иерархияның үшінші сатысынан басталаып, одан соңғы барлық сатысында бар болады;

- метабасқаруда *орталықтандыру (централизация) мен орталықсыздандыру (децентрализация)* қатар қолданылады; метапәндік оқытуда бір-екі пән - басты пән, қалғандары – қосалқы пән деуге орын беруге болмайды, өйткені мектепте бала тән, жан, рухани жағынан қатар дамуы міндетті екені белгілі;

- метабасқаруда жеке пәндерді оқытудағы бәрі белгілі сияқты, қатып қалған догмалық заң сияқты берілетін білім мазмұнынан метапәндік оқыту жүйесіне өтуде *белгісіздікті ескеру* маңызды орында болады яғни қандай өмірлік жағдаяттар мен оқиғаларға дайын болу, білімін сол жағдаяттарда ұтымды және сәтті, дұрыс қолдана білуге дайын болуы маңызды орында болады;

- метабасқаруда білім мазмұнына байланысты тапсырмалардың және міндеттердің орындалудағы шешімдер мен түйіндердің дәрежесі биік болады, міндетті түрде дұрыс орындалуына жағдайлар бар болып табылады және соны белгіленген метапәннің құрамындағы жеке пәндердің логикасынан іздеуді, ол логикалық желінің басқа пәндермен метапәндік жүйеге бірігуіндегі тоғысқан нүктесінен іздеуді талап етеді [9].

Бұл ерекшеліктерді негізінде, метапәндік тұрғыдан оқытуды ұйымдастырудың ұстанымдары ретінде де тануға болады деп айта аламыз. Өйткені метапәнді оқыту жүйесін басқаруда заманауи білім беру талаптарын орындап, заман дамуымен бірге басуымызға жаңа ұстанымдардың қажет екені белгілі. Бүгінгі оқушыға білімнің мазмұнын үйіп-төгіп бергеннен гөрі,

оның жеке тұлғалық, жалпы мәдениеттілік, танымдық дамуына қажетті әдіс-тәсіл, амалдармен және сол арқылы білім іздеуі тиіс негізгі таным жолдарын меңгерту маңызды болып табылады. Тек сол арқылы ғана оқушы білім ала білу дағдыларына ие болады, ал ол өз кезегінде өміріне, біртұтас дүниетанымына қажетті сапалы білім алуына тірек болады. Метапәндік оқытудың көздейтіні де осы екені белгілі.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдану – педагогикалық мәселе. Олай деуге негіз:

- бастауыш сыныпта метапәндік оқытуды ұйымдастыру;
- оқушылардың метапәндік нәтижелерін дамыту;
- педагогикалық үдерісте қалыптастырушы бағалауды қолдану мақсаттарын құру және нақтылау;
- қойылған мақсаттарға байланысты пәндік білім мазмұнын метапәндік білім мазмұны жүйесіне және қажетті оқу материалына айналдыру;
- метапәндік байланыстар;
- бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдану әдістері, құралдары;
- үдерістің гуманизациялық және антропологиялық қырын, оқушылардың тұлғалық болмысын дамыту;
- білімді өз бетімен іздену белсенділігін таңдау, іріктеу жатады.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың әдіснамалық негіздерін құраушы ғылымдар қатарында логика ғылымы да маңызды орын алады. Өйткені логиканың заңдылықтары негізінде құрылған Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту жүйесі [10], Г.Щедровицкийдің ой әрекеті педагогикасы [11], коммуникативтік педагогика [12], эвристикалық оқыту [13], Г.Альтшуллердің ТРИЗ жүйесі [14], Э.Бонның сыни тұрғыдан ойлау технологиясының [15], логикалық-мәнділік модельдеу әдістемесінің [16], тағы басқа әдістемелердің, технологиялардың, жүйелердің метаәрекетті қалыптастыруға арналған элементтері жеткілікті таралған.

Метапәндік нәтижелер метабілім беруді көздейді, ал метабілім бұл – сол қабылдаған білімнің жеке элементтері емес, нақты сол білімнің логикалық тұтастығы, сол білімнің біртұтас философиясы. Жалпы айтқанда, білім мазмұнындағы ақпараттың дамуы туралы жан-жақты меңгертіледі, себебі мен салдары, жеке мен жалпының байланысы, бөлшек пен тұтастықтың байланысы, мазмұн мен форманың байланысы, сан мен сапаның байланысы, мәнділік пен құбылыстың байланысы, тепе-теңдік пен айырмашылықтың байланысы, қажеттілік пен кездейсоқтықтың байланысы, мүмкіндік пен шынайылықтың байланысы.

Метапәндік оқытуда метапәндік нәтижелерге жету жолында жекелеген пәндердің метапәнге бірігуі - сан мен сапаның байланысын білдіреді, даму қозғалыс өтеді. Қарама-қайшылықтар диалектикалық бірлікте болғанымен олардың арасында үзілмейтін күрес жүріп жатады, ол – даму қажеттілігінен туындайтын күрес. Жеке пәннен алынған білім метапәндік деңгейге көтерілгенде, жаңа сапаға ие болады, алдындағы жеке пәннен алған білімнің қажеттігі жоқ, жаңа мазмұндағы білім пайда болады, бұл терістеуді терістеу деп аталады. Логикада бірнеше жекелеген ұғымдардың бірігіп жаңа ұғым тудыруын қарайтын болсақ, метапәндік нәтижелерге қол жеткізуде оқушыда жаңа сападағы білім мазмұны пайда болатынын негізге аламыз.

Пост-талдаулар бойынша Scopus, WoS зерттеулерінде жарияланған біршама ғылыми еңбектер бар. Солардың бірі ғалым Nagib Charly Callaos өз зерттеулерінде метапәндік нәтижелерді коммуникацияның және ұжымдық деңгейдегі қарым-қатынастың маңыздылығымен байланыстырады. Метапәндікте танымдық дағдыларды, сыни тұрғыдан ойлауды және шығармашылықты дамытуға ықпал ететін интеллектуалдық күш-жігерді қамтитыны атап өтіледі. Автордың тұжырымында метапәндік нәтижені қалыптастыру төрт құрамдас бөлікті реттейді. Олар: ұжымдық деңгейдегі пәнаралық қатынас, яғни бұл мидың



пластикасына байланысты құнды деп танылса, екіншіден жаңа нейрондық желілер арқылы, үшіншіден, ортақ игілікті құруда, төртіншіден, интеллектуалды күш-жігеріңізді салу болып табылады [17].

Жекелеген ұғымдар жаңа сапалы деңгейде бірігіп, жаңа ұғым беруін, мысал ретінде сандардың қосылуы, химиялық формулалар мен сөздердің тіркесуі, табиғаттағы барлық құбылыстардың даму жолы туралы айтуға болады. Осындай түйінді мәселелер негізінде логика ғылымының бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың әдіснамалық тұғыры болып табылады деп санаймыз.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды жүзеге асыруда жүйелі басқару тәсілі, әдістері, жүйесінің қамтамасыз етілуі міндеттердің бірі. Бұл мәселе бойынша, әдіснамалық тұғырлар қатарында жүйе теориясының танылуы маңызды болып табылады.

Жүйе теориясының әдіснамалық тірек ретінде танылуы білімнің өзі, зерттеу жұмысының өзі жүйе, жүйелік сипатқа ие құбылыс екендіктерімен байланысты. Дүниені жүйелі тануда қолданылатын принциптер мен әдістердің логика-методологиялық көрінісі ең алғаш Л.Фон Бергаланфидің еңбегінде қолданылғаны белгілі [18]

Л.Фон Бергаланфидің жүйенің жалпы теориясы туралы ілімі оның тірі организмдерді біртұтас жүйе деп қарауынан басталып, «ашық жүйелер теориясы» түрінде жинақталды. Ашық жүйенің ерекшелігі сонда, яғни тірі организмдердің әрдайым басқа жүйелермен араласып, байланысып, зат және қуат алмасып отыруында.



2-сурет. Жүйенің ашық және жабық түрлерінің ерекшеліктері

Жалпы жүйе теориясы, Л.Фон Бергаланфидің пікірінше, әлемнің ұғымдық картинасында мәнді өзгерістер туындатады. Жүйе теориясының негізінде заманауи ғылымдарға тән ерекшеліктерді атап көрсетуге болады. Олар:

- заманауи ғылымдардың пәні – жекелердің біртұтастыққа ұйымдасуы;
- бұл зерттеу пәнін талдау үшін мәселені шешуге тірек болатын көптеген айнымалылардың мүмкіндіктерін пайдалану керек;
- бұрынғы әлемді механистік түсіну ендігі ретте шынайы болмыста өмір сүріп жатқан әртектілердің жиынтығы ретінде танылады және бір сала екінші саланы толық алмастыра алмайды, олардың арасындағы байланыстар сол салалардың, нәрселердің, құбылыстардың ішкі заңдылықтарының изоморфтылығының негізінде көрініс табады;

- бұрынғы уақыттағы барлық білімді физикалыққа апарып тірейтін физикалистік редукционизм идеясы ендігі ретте перспективалық идеямен алмастырылды, яғни түрлі салалардағы заңдылықтарының изоморфтылығы базасында біртұтас ғылыми таным құру идеясы.

Әрине, жүйе теориясы жекелеген ғылымдардың ішкі жүйелік заңдылықтарын және тұжырымдарын алмастырмайды, бұл ретте жүйенің жалпы теориясы тек жүйелік зерттеудің әдіснамалық негіздерін қалыптастырады, сондықтан *адамзаттың өзін Жер бетіндегі күрделі жүйе деп* тануға болады.

Метапәндік оқыту нәтижелерін дамытуда бастауыш сынып оқушыларының білім сапасына қойылатын нормативтік құжаттардағы, стандарттардағы талаптар мен қалыптастырушы бағалау критерийлерінің, индикаторларының, өлшемдерінің өзара сәйкес келуін және қалыптастырушы бағалаудың прогрестік алға қарай жетелеу қуаты мол болуын айқындаудың маңызы үлкен екені белгілі. Бұл міндет бастауыш сынып оқушысына қазіргі және әсіресе, алдағы өміріне қажетті білім мен дағдыларды, басты құзыреттіліктерді қалыптастырудағы метапәндік нәтижелерді дамыту мен қалыптастырушы бағалаудың сондай маңызды міндетті шешудегі потенциалын нақты анықтауды қажет етеді. Осы тұрғыда қазақстандық, сондай-ақ жетекші мемлекеттердің қалыптастырушы бағалаудағы зерттеулерін қарастырып, салыстырмалы деңгейлерін зерделеуді жөн санаймыз.

Қазақстандағы НЗМ ДББҰ Педагогикалық өлшемдер орталығы әзірлеген «Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің әдіснамасы» атты еңбекте қалыптастырушы бағалауда балл да қоймай, баға да қоймай, мұғалім мен оқушының дидактикалық қарым-қатынасында үздіксіз кері байланыстың орнауы маңызды екені атап көрсетілген [3, 216]. Авторлардың пікірінше, қалыптастырушы бағалаудың жүйесінде төрт басымдықты басшылыққа алу керек.

- Олардың біріншісі оқып-білім алу сан түріндегі баға алуды емес, білім мазмұнын меңгеріп, белгілі бір дағдыларды игеруге бағдар ұсталынумен байланысты.

- Екіншісі нашар баға оқушылардың әрі қарай білім алуы үшін жабылған жол болмауы керек, кедергі туғызбауы керек деген оймен байланысты. Өйткені келесі сабақтарда оқушының өте жақсы нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін екенін басты назарда ұстау қажет.


- Үшіншісі, оқушының білімін бағалауда объективті болу үшін оқушы біліміне қойылатын талаптары да, бағалау критерийлері де, сапалы бағалау құралдары да бірыңғай талаптармен айқындалған жүйе қолданылуы керек деген идеямен байланысты.

- Төртіншісі бағалаудың нәтижелері басшылық органдардың білім беру процесін оңай қалай оңтайландыруға болады деген мәселені шешуге көмектесетіндей болуы тиіс.

Түптеп келгенде, қалыптастырушы бағалау жүйесінің көздеген игі мақсаттарға қол жеткізуі үшін, бағалау мақсаттары анық болуы тиіс, бағалау критерийлері, бағалаудың сапалы әдістері стандарт бойынша белгіленген есеп беру реті, білім беру сапасын мониторингілеу үздіксіз жүргізіліп отырылуы керек.

Қалыптастырушы бағалау қазіргі уақытта көптеген елдердегі білім беру жүйесіне енгізілуде. Қалыптастырушы бағалаудың халықаралық жүйедегі орны мен мазмұнына жасалынған талдау нәтижелерін 3, 3.1-суреттерде жинақтап көрсетеміз.






3-сурет. Қалыптастырушы бағалаудың халықаралық жүйедегі мазмұны

Мысалы, *Англиялық зерттеулерге* сүйенсек, оқыту үдерісі мен оқу толықтай интеграцияланған және бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылуы; мұғалімдер мен оқушылар оқу мақсаттарын талқылап, өзара талдай отырып келісуі; оқу мақсаттарына қол жеткізуде оқушыларға қажетті көмек көрсетілуі; оқушылардың өзін-өзі бағалауға және өзара бірін-бірі бағалауға қатысуы; оқушылар әр тапсырмадан соң келесі қадамын анықтау үшін мұғалім кері байланысты қамтамасыз етуі; әрбір оқушының жақсы жетістіктерге қол жеткізе алатын сенімділігін шыңдау; мұғалімдер мен оқушылардың бағалау мәліметтерін қарастыруға және бірге рефлексия жасауы алға қойылған. Ал *Финляндиялық білім беру* жүйесі аса ерекшелігімен танымал екендігі белгілі, бағалаудың басты критерийі - ұлттық білім стандарттары негізінде әзірленген мектептің оқу жоспарындағы мақсаттарға қол жеткізу және критерийлер әр пән бойынша құрастырылған оқу бағдарламасында қалыптастырылған. Бұл ретте критерийлердің жетекші ұстанымы – оқушыға және оның ата-анасына оқушының әлі де бар күшін салуы керек салаларын айқын түсіндіріп отыру, яғни бейіміне қарай бағыттау. Келесі *Канада еліндегі* білім беруде қалыптастырушы бағалау диагностика сипатында болады. Оқу жылы бойы жүйелі түрде жүргізіледі. Оқушылардың қойылған мақсатқа жетуінде қажетті көмек көрсетуге бағытталған кері байланыс берумен танымал. 3.3.1-суреттерде мемлекеттер мен сол елдердегі қалыптастырушы бағалаудың мақсаттарының бейнесін ұсынамыз.


Ресей Федерациясында білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтсақ: оқушылардың пәндік және метапәндік нәтижелерін бағалау; әрбір оқушының жеке прогрестік дамуын бағалау; баланы алға қарай одан әрі дамыту мақсатында бағалау; қалыптастырушы және жиынтық бағалауды кешенді қолдану жолға қойылған.

Еуропалық мектеп білім беру платформасындағы критерийлерге зер салсақ, қалыптастырушы бағалау оқу мақсаттарының нақты қойылуын және ол мақсаттардың айқын болуын мүмкін етеді; оқушылар өзін-өзі бағалайды және мұғалім мен оқушының бірлесіп бағалауына өздері де қосылып отырады; сыныптастарының бағалауына да үлкен мән беруі арқылы оқушының алға қарай ұмтылысы қарқындайды; оқушының әр тапсырманың элементтерін орындаған сайын мұғалімнен қолдау тауып отыруы – қалыптастырушы бағалаудың маңызды бір механизмі болып табылады [19].



3.1-сурет. Қалыптастырушы бағалаудың халықаралық жүйедегі мазмұны

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың құрылымдық-функционалдық моделін дауындауды жөн санаймыз. Құрылымдық-функционалдық модель блоктар, компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштерден тұрады. Модель оқу пәндерінің тіл және жаратылыстану циклдарының мазмұнын игеру процесінде негізгі бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуға мүмкіндік береді. Ол төрт негізгі блокты қамтиды: *тұжырымдамалық, процессуалдық, пәндік-мазмұндық және бағалау-нәтижелік.*



4-сурет. Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың құрылымдық-функционалдық моделі

*Тұжырымдамалық блок* бастауыш білім беруде метапәндік нәтижелерді дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды жүзеге асырудың мақсаттарын, тәсілдерін, ұстанымдарын сипаттайды.

*Процессуалдық блок* динамикалық жағдайда бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытудағы қалыптастырушы бағалауды қолдану кезеңдерін ұсынады, яғни бастапқы диагностика кезеңінен бастап, метапәндік жетістіктерді қалыптастыру арқылы күтілетін нәтижелерді педагогикалық-тәжірибелік жағынан түзетуге және оқушылардың одан әрі жеке прогресін болжауға мүмкіндік береді. Оған бірқатар дәйекті кезеңдер кіреді: білім алушылардың білім жетістіктерін қалыптастырушы бағалау құралдарымен бастапқы диагностикалау; әмбебап оқу іс-әрекеттерін, метатанымдық дағдыларды, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағалау және дидактикалық технологиялар конвергенциясы негізінде білім алушылардың метапәндік нәтижелерін дамыту, пәнаралық ұғымдарды игеру; оқу үдерісінің әртүрлі кезеңдеріндегі білім алушылардың жетістіктерін жүйелі мониторингтеу. Қол жеткізілген нәтижелерді кезең-кезеңімен талдау, жеке тұлғаның сұраныстары мен мүдделерін ескере отырып, жеке прогресті тиімді түзетуді және болжауды қамтамасыз етеді.

*Пәндік-мазмұндық блок* метапәндік білімді алу және метапәндік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында оқу пәндерінің әртүрлі циклдерін оқытудағы конвергенция қағидаларын көрсетеді. «Конвергенция» термині латынның «convergere» етістігінен шыққан («жақындау») және бір нүктеде тұрып жақындау, ұқсастық, туралау, конвергенция, өзара әрекеттесу, өзара ену үдерісін білдіреді. Диалектикалық зерттеулерде конвергентті тәсілге сүйене отырып, К.А. Скворчевский оқу іс-әрекетінің пәндік нәтижелерінде жобалау және зерттеу қызметін іске асыруды көздеп, оған метапәндерді енгізу де бұл мәселені толық шеше алмайды деп есептейді [20].

*Бағалау-нәтижелік блок* қойылған білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті қалыптастырушы бағалаудың әдістері, құралдары мен тәсілдерінің сипаттамасын, сондай-ақ мұғалімдер мен білім алушылар ұмтылуы қажет жоспарланған нәтижелердің тізбесін қамтиды.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың компоненттері мен өлшемдері анықталды: *мотивациялық компоненттің* метапәндік нәтижелерін дамытуда, оның маңыздылығын, білім беру үдерісінде метапәндік мазмұнды игеру мотивтерін түсінуге қызығушылығын анықтайды, бұл ретте оқушымен қатар мұғалімнің кәсіби құндылықтарының көрінісін көрсетеді; *мазмұндық компонент* метапәндік сипаттағы білімнің көлемін, хабардарлығын, толықтығын талдауды қамтиды; *рефлексиялық-компонент* бастауыш сынып оқушыларының білім беру үдерісінде алынған білімге негізделген метапәндік іс-әрекет әдістерін игеруін, практикалық тапсырмаларды орындау кезінде негізгі дағдылардың тәуелсіздігі мен сәттілігін кешенді бағалауды қарастырады.

Әрбір компонент зерттелетін үдерістің негізгі аспектілерінің бірін ашады және бастауыш білім беруде метапәндік нәтижені дамытуда қызметтерді реттейтін нормативтік құжаттардың талаптары мен нормаларына сәйкестік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

*Мотивациялық-құндылық өлшемнің* шеңберінде бастауыш білім беру үдерісінде метапәндік нәтижелерді дамытудың келесі негізгі көрсеткіштері, яғни *пәнаралық маңызды құндылықтары және метапәндік мазмұнды игеру мотивтері* болады.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың *мазмұндық-танымдық өлшемі* шеңберіндегі көрсеткіштері *білімнің, іскерліктің және құзыреттіліктің стандарттағы нормалары мен талаптарына сәйкестігі* бағаланады.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың *рефлексивті-белсенділік өлшемі*нде бастауыш білім беру үдерісінде

алған біліміне негізделген метапәндік іс-әрекет тәсілдерін игеруі; практикалық міндеттерді орындау үшін негізгі дағдыларды көрсетудің дербестігі; практикалық міндеттерді орындау үшін негізгі дағдыларды көрсетудің сәттілігі көрсеткіштері түзіледі.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануда *белсенділік, саналылық, ғылым мен тәжірибені біріктіру, зерттеушілік* ұстанымдары қызмет атқарады. Бұл білім беру жүйесінің өзгерістерге және білім беру қызметтерін субъектілердің білім беру сұраныстарына уақтылы жауап беру мен оқушылардың үнемі жаңарып отыратын метапәндік сипаттамаларына сәйкес білім беру қызметтерін озық ұсынуды жүзеге асырады.

Қалыптастырушы бағалау бойынша Назарбаев Зияткерлік Мектебі ДББҰ әзірлеген әдістемелік құралда бес стратегия көрсетілген, олар:

- 1) бағалау критерийлері мен күтілетін нәтижені түсіндіру;
- 2) сыныпта тиімді өзара әрекеттестікті қалыптастыру;
- 3) оқушыларға кері байланыс беру;
- 4) өзара оқыту процесіне білім алушыларды қатыстыру;
- 5) білім алушыларды өз білімін «жасаушылар» ретінде қалыптастыру [3, 186].

*Кесте 1 - Қалыптастырушы бағалау стратегияларын жүзеге асырудың үлгісі  
(Крылова О.Н., Бойцова Е.Г. бойынша)*

Кезең	Кезең атауы	Орындалатын іс-әрекеттер
I	Метапәндік нәтижелерді анықтау	Танымдық метапәндік нәтиженің диагностикасы («Логикалық пайымдау құру дағдысы» бойынша)
II	Метапәндік нәтижелерге қол жеткізу деңгейлері мен көрсеткіштерін анықтау	0 балл – оқушылар берілген тапсырманы орындай алмайды. Пайымдауында логика жоқ. 1 балл – логикалық байланыс бар, бірақ барлық уақытта дұрыс бола бермейді және айқын құрылмайды. 2 балл – оқушы логикалық пайымдау құра біледі. Пайымдауларында толығымен логика бар.
III	Бағалаудың құралдары мен амал-тәсілдерін таңдау; бағалау уақыты мен орнын таңдау.	Таңдау амал-тәсілдері - кейстер. Бағалау құралдары - бақылау. Бағалау уақыты сабақ үстіндегі мұғалім бағалауы; сабақтан тыс уақытта - оқушылар блогында өзіндік бағалау және өзара бағалау. Бағалауға қатысушылар - мұғалім, оқушылар.
IV	Оқушыларды олардың жұмыстарының нәтижелерін бағалауға ынталандыру – орын-далған жұмыстарға өзіндік бағалау және өзара бағалау жүргізу.	Оқушыларға логикалық ойлау дағдыларының қалыптасуының маңызы туралы түсіндіру. Кейстермен жұмыс жасау мақсаттары мен перспективаларын түсіндіру. Оқушылардың жұмыстарды өзара және өзіндік бағалауы. Оқушылардың қиындықтарын анықтау.
V	Бағалау нәтижелерін талдау (кері байланыс) және оқыту процесіне түзету жасау.	Логикалық пайымдаулар құраудағы қиындықтарды айқындау. Қиындықтарды жеңудің жолдарын анықтау. Мұғалімнің оқыту процесін жетілдіру мақсатымен өз жұмысына өзі талдау жасауы.

М.А.Пинская өзінің еңбегінде қалыптастырушы бағалаудың стратегияларын келесідей түрде анықтайды:

- бірінші алгоритм бойынша – оқу мақсаттары өлшенетін оқу нәтижелеріне аударылады; оларға қол жеткізудің қажетті деңгейлері анықталады; бағалау техникалары іріктеледі;
- екінші алгоритм бойынша - керекті деп танылған оқыту әдістері қолданылады;
- үшінші алгоритм бойынша бағалау жүргізіледі және жоспарланған нәтижелерге оқушылар қол жеткізгендігі қарастырылады [21].

Осымен қатар қалыптастырушы бағалаудың М.А.Пинская көрсеткен сипаттары келесідей. Яғни ғалымның сипаттауынша, қалыптастырушы бағалау:

- біріншіден, оқыту-оқу процесіне кірігіп, осы процестің мәнді бөлшегі болып табылады;
- екіншіден, оқу мақсаттарының мұғалім мен оқушы тарапынан талқылануы мен толыққанды мойындалуын керек етеді;
- үшіншіден, оқушыларға өздері игеруі тиіс оқу стандарттарын түсінуіне көмектеседі;
- төртіншіден, оқушыларға оқу барысында алдағы қадамда не істеу керектігін түсінуіне көмектесетін кері байланысты қамтамасыз етеді;
- бесіншіден, оқушының білім алуында жақсы жетістіктерге жетуіне деген өз сенімін нығайта түседі;
- алтыншыдан, мұғалім мен оқушының бірлесе рефлексия жасауына мүмкіндік береді [21, 89б].

Қалыптастырушы бағалаудың жүйелік сипатын технологиялық түрде тану жолын зерттеген О.Н.Крылова, Е.Г.Бойцованың еңбегінде қалыптастырушы бағалауды стратегиялары туралы өзіндік ерекше пікірлер ұсынады. Олардың айтуынша, өздері ұсынып отырған бағалау стратегиясының басты айрықша тұсы – ғалымдар көрсеткен кезеңдерге қосымша, қорытынды кезеңнің қосылуы. Бұл қосымша кезеңнің мақсаты, авторлардың айтуынша, алынған мәліметтерге талдау жасау, оқу баорысындағы әр оқушының проблемасын айқындау және пәндік және метапәндік білім нәтижелерін одан әрі дамыту үшін қажетті неғұрлым оңтайлы технологиялар мен әдіс-амалдарды сұрыптау [22].

О.Н.Крылова, Е.Г.Бойцованың ұсынатын стратегияларының жүйесі 1-кестеде берілді.

**Нәтижелер.** Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдану және оқушылардың білім алуға қол жеткен жетістіктерін нақтылау мақсатында қолдануы қажет. Осымен де байланысты, қалыптастырушы бағалау келесідей функцияларға ие болуы тиіс:

- метапәндік білім беру сапасын басқару;
- метапәндік білім беру нәтижелерін қалыптастырушы бағалауда кешенді тәсілдемені қолдану;
- білім алушылардың жеке жетістіктерінің өсу бағытын бағалауды қамтамасыз ету.

Метапәндік оқыту жүйесінде қалыптастырушы бағалау технологиялық сипатқа ие. Ғалымдар қалыптастырушы бағалауды қолданудың алгоритмдерін анықтайды. Ол алгоритмдер мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестік қадамдарының реттік жүйесі болып табылады. Қалыптастырушы бағалауды педагогикалық технология ретінде қарастырып, ғалымдар оның алгоритмдік қадамдарының тоғыз кезеңін анықтайды. Сол еңбектерге сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдану алгоритмдерінің келесідей сипаттары көрсетіледі.

*Бірінші алгоритм бойынша.* Тақырып бойынша бастауыш сынып оқушыларының метапәндік білім нәтижесін жоспарлау. Бірінші алгоритмнің орындалуы мұғалімнің оқытудың жұмыс бағдарламасын әзірлеумен байланысты. Пәннің аталған жұмыс бағдарламасында оқу тақырыптары бойынша оқушының пәндік, метапәндік жеке тұлғалық білім нәтижелері жоспарланады.

*Екінші алгоритм бойынша.* Оқушылардың әрекетін метапәндік білім нәтижелері ретінде сабақтың мақсаттарын жоспарлау. Бұл ретте алға қойылған мақсаттар бір мағыналы, анықталатын, оқушылардың түсінуіне қолжетімді болатын болуы керек. Атап көрсетілетін жайты, бұл жерде сабақтың мақсаттары жоспарлауда мұғалімнің сабақ мақсаттарын жоспарлау және оқушылардың сабақ мақсаттарын жоспарлау қажет болады.

*Үшінші алгоритм бойынша.* Сабақтың міндеттері оқушылардың оқу әрекеттерінің қадамдары ретінде құрылады. Анықтап айтқанда, сабақтың міндеттерінде оқушының сабақта орындайтын нақты іс-әрекеттері анық көрсетіледі. Сабақтың барлық міндеттерінің шешілуі сабақтың мақсатына жеткендігін көрсетеді.

*Төртінші алгоритм бойынша.* Сабақта оқушылардың оқу әрекетін бағалаудың нақты критерийлері жасақталып, сол бағалау критерийлері арқылы берілген міндеттердің шешілуі дәрежесі анықталады. Бағалау критерийлері бірыңғайлылық, оқушының түсінуіне қолжетімділік, дерексіз ұғымдар болмауы, нақты түрде көрсетілуі сияқты сипаттарға ие болуы керек.

*Бесінші алгоритм бойынша.* Оқушылардың метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалаудың талаптарын бұзбай, критерийлерді ұстанып орындау міндетті болады.

*Алтыншы алгоритм бойынша.* Қалыптастырушы бағалауды жүргізгенде кері байланысты болуы міндетті болып табылады. Кері байланыстың бағыты «мұғалім - оқушы», «оқушы – оқушы», «оқушы – мұғалім» болып түрленіп келе береді. Кері байланысты ұйымдастыруда есте сақталуы тиіс маңызды шарт бар, оқушы әрбір қадамын орындауда мұғалімнен дұрыс-дұрыс еместігі туралы пікірін алып отыруы тиіс. Бұл тетіктің орындалу мақсаты оқушы өзінің оқу-таным әрекетінде орындайтын әр қадамының қате болмауын, қате болса, қай жерден қателескенін дұрыс түсінуі керек, сол арқылы мұғалім де, оқушының өзі де қатені болдырмаудың, алдын алудың жолы туралы ұсыныстар жасай алады. Оқушы мұғалімнің қолдауын сабақтың барлық сәтінде сезініп отырады.

*Жетінші алгоритм бойынша.* Оқушылардың қазіргі жетістігін өткен жетістіктерімен салыстырып отыру жүргізіледі.

*Сегізінші алгоритм бойынша.* Бұл алгоритмді орындау мақсаты оқушының оқу мақсатына жетудегі білім алу, оқу-танымдық әрекеттерді орындаудағы қарқынының қаншалықты екендігін анықтаумен байланысты болып келеді. Бұл алгоритмнің орындалу кезеңінде оқушылардың мақсатқа бет алған жолындағы нақты орны анықталады, оқушының жеткен жетістіктерін ескере отырып, әлі де қандай мүмкіндіктері бары талданады.

*Тоғызыншы алгоритм бойынша.* Бұл кезең оқушының үй тапсырмасын орындаған соң немесе рефлексивтік сәтінен соң жүргізіледі, осы алгоритм бойынша білім алу бағыт-бағдарына қажетті түзетулер жасалынады. Ол түзетулерді мұғалім түрлі тапсырмалар мен әдіс-амалдар түрлілігін қолдана отырып іске асыруы керек болады. Мүмкін ол сабақ үстінде өткізіледі, мүмкін оқушы үй тапсырмасы ретінде орындалады, не болмаса, өз бетімен жоба немесе басқа да сабақтан тыс тапсырма орындалады, мұғалім оқушының білім алу мүмкіндіктерін назарда ұстап, осылардың бірін таңдайды.

Келесі қадамымызда мұғалімдерге мазмұны келесідей құрылымдағы сауалнама 2-кестеде ұсынылды.

### Сауалнама

Құрметті әріптестер! Төменде берілген сауалдарға ұсынылған жауаптарды маңыздылығына қарай 1-ден 5-ке дейін белгілеулеріңізді сұраймын. 1- мүлде маңызды емес, 2- маңызы аз, 3- маңыздылығы орташа, 4- маңыздылығы біршама, 5- ең маңызды. Бір цифрмен бірнеше дағдыны да белгілеуге болады.


Кесте 2 – Сауалнама бойынша мұғалімдерден алынған жауаптарды талдау нәтижесі

ӘОӘ	Мұғалім оқушыға үйретуі тиіс метапәндік нәтижелер	Белгі
Реттеушілік	Оқу мақсатын қоя білуге	
	Қойылған оқу мақсатына қол жеткізу жолдарын жоспарлауға	
	Қойылған оқу мақсатына жету жолдарын түзетуге	
	Өзінің білім алу уақыты өзі бақылап, өзі жоспарлауға	
	Проблемалық жағдаяттарда шешім қабылдауға	
	Өзін-өзі бағалауға	
	Болжам жасауға	

<b>Оқу-танымдық</b>	Бақылау және эксперимент жасауға	
	Жоба-зерттеу жұмыстарының негіздеріне	
	Білімдік ақпарат іздеуге және талдауға	
	Сызбаларды, кестелерді, графикаларды оқуға және өзгертуге	
	Тапсырманы орындаудың тиімді тәсілдерін таңдауға	
	Ұғымдарға анықтама беруде салыстыру жасау, жіктеу жасауға	
	Құбылыстың себеп-салдарын тани білуге	
<b>Коммуникативтік</b>	Оқу әрекетінде мұғалімнің, сыныптас достарының пікірін ескеруге	
	Өзінің көзқарасын дәлелдермен ұстана білуге	
	Өзара бақылауды іске асыруға	
	Сөйлеу тілі, жазба тілді оқу мақсатында дұрыс пайдалануға	
	Көшбасшы болуға	
	Дау-кикілжінді шешуге	
	Мақсатқа жетуге көмектескендерді қолдау	

Кесте 3 – Реттеушілік метапәндік нәтижелер үйрету туралы сауалнама нәтижесі

ӘОӘ	Мұғалім оқушыға үйретуі тиіс метапәндік нәтижелер	Белгі қойған 20 мұғалім				
		«5»	«4»	«3»	«2»	«1»
<b>Реттеушілік</b>	Оқу мақсатын қоя білуге	3	2	3	3	9
	Қойылған оқу мақсатына қол жеткізу жолдарын жоспарлауға	5	3	2	2	8
	Қойылған оқу мақсатына жету жолдарын түзетуге	5	2	2	2	9
	Өзінің білім алу уақыты өзі бақылап, өзі жоспарлауға	4	3	2	1	10
	Проблемалық жағдаяттарда шешім қабылдауға	5	4	3	2	6
	Өзін-өзі бағалауға	5	2	3	3	7
	Болжам жасауға	8	5	3	2	2



5-сурет. Реттеушілік метапәндік нәтижелер үйрету туралы нәтиже диаграммасы


Нәтижелерден көріп отырғанымыздай, мұғалімдердің көпшілігі реттеушілік оқу әрекеттерінен тек қана «болжам жасауға» ең маңызды деп қарайтыны белгілі болды. Ал оқушыны «оқу мақсатын қоя білуге үйрету» мен «өзіндік бақылау мен өзіндік жоспарлауға», «өзін-өзі бағалауға үйретуге» үйретудің маңыздылығына онша назар салмайтынын үш-бес адамның ғана белгілеуінен айқын көруге болады.

Келесі талданған «Оқу танымдық әмбебап оқу әрекеттерін» үйрету туралы сауалнама нәтижелерін берілген 4-кестеден және 6-диаграммадан көруге болады.



Кесте 4 - Оқу-танымдық метапәндік нәтижелер үйрету туралы сауалнама нәтижесі

ӘОӘ	Мұғалім оқушыға үйретуі тиіс метапәндік нәтижелер	Белгі қойған 20 мұғалім				
		«5»	«4»	«3»	«2»	«1»
Оқу-танымдық Реттеушілік	Бақылау және эксперимент жасауға	4	4	3	4	5
	Жоба-зерттеу жұмыстарының негіздеріне	6	2	3	5	4
	Білімдік ақпарат іздеуге және талдауға	7	3	4	4	2
	Сызбаларды, кестелерді, графикаларды оқуға және өзгертуге	3	4	5	2	6
	Тапсырманы орындаудың тиімді тәсілдерін таңдауға	6	4	2	5	3
	Ұғымдарға анықтама беруде салыстыру жасау, жіктеу жасауға	4	2	4	4	6
	Құбылыстың себеп-салдарын тани білуге	3	3	3	3	8



6-сурет. Оқу-танымдық метапәндік нәтижелер үйрету туралы нәтиже диаграммасы


4-кестеден және 5-диаграммадан көріп отырғанымыздай, оқу-танымдық әбебап оқу әрекеттерінің ішінен мұғалімдердің «ең маңызды» деп «білім ақпарат іздеуге және талдауға» және «жоба-зерттеу жұмыстарының негіздеріне», сосын «тапсырманы орындаудың тиімді тәсілдерін таңдауға» үйретуді белгілеген.

Бұлар, дәстүрлі оқу әрекеттеріне жақын келетін болғандықтан, оларды таңдаған мұғалімдер біршама жоғары болуы мүмкін деп ойлаймыз. Ал «сызбаларды, кестелерді, графикаларды оқуға және өзгертуге» және құбылыстың себебі мен салдарын тани білуге» үйретуге маңызды емес деп қараған мұғалімдердің қалыптастырушы бағалау жүйесінің теориялық және технологиялық жүйесінен әлі де көп ізденуі керектігін түсіндік.

Келесі қадамда жасалған «Коммуникативтік әбебап оқу әрекеттерін» үйрету туралы анкетаны талдау нәтижелерін төмендегі 5-кестеден және 7-диаграммадан көруге болады.

Кесте 5 - Коммуникативтік метапәндік нәтижелер үйрету туралы анкета нәтижесі

ӘОӘ	Мұғалім оқушыға үйретуі тиіс метапәндік нәтижелер	Белгі қойған 20 мұғалім				
		«5»	«4»	«3»	«2»	«1»
Коммуникативтік Реттеушілік	Оқу әрекетінде мұғалімнің, сыныптас достарының пікірін ескеруге	7	5	1	2	5
	Өзінің көзқарасын дәлелдермен ұстана білуге	6	4	3	4	3
	Өзара бақылауды іске асыруға	5	4	2	2	7
	Сөйлеу тілі, жазба тілді оқу мақсатында дұрыс пайдалануға	8	5	4	2	1
	Көшбасшы болуға	5	3	3	4	5
	Дау-кикілжінді шешуге	3	3	8	4	2
	Мақсатқа жетуге көмектескендерді қолдау	7				



7-сурет. Коммуникативтік метапәндік нәтижелер үйрету туралы нәтижелер диаграммасы

**Талқылау.** Коммуникативтік оқу әрекеттерін үйрету туралы мұғалімдерден алынған анкета жауаптарынан көріп отырғанымыздай, кей мұғалімдердің «оқу әрекетінде мұғалімнің, сыныптас достарының пікірін ескеруге» және «өзара бақылауды іске асыруға», «көшбасшы болуға» үйретуді «маңызды емес» деп санайтыны анықталды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарланған анықтаушы кезеңінде алға қойылған міндеттер орындалды. Оқушыларға орындатылған кесінді тапсырмалар мен сауалнама, мұғалімдермен жүргізілген семинар-кездесу, тест, сауалнаманың нәтижелерін жинақтап, қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолданудың тиімділігін педагогикалық эксперимент негізінде тексеру үшін арнайы бағдарлама жасалуы қажеттілігі және мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулар жасалуы қажеттілігі анықталды.

**Қорытынды.** Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін дамытуда қалыптастырушы бағалауды қолдануды қамтамасыз ету тікелей оның технологиясымен және бағалау процесін жүргізумен байланысты. Сол жүйелі технология арқылы ғана метапәндік нәтижелерді қалыптастырушы бағалаудың белгілі реттелген тәртіппен, алгоритмделген қадамдармен, оқушылардың білім алу барысында әр қадамының жақсаруына бағытталуымен жүзеге асырылуы мүмкін болады.

Қалыптастырушы бағалау метапәндік оқытудың құнды құрамдық бөлшегі ретінде және жалпы бастауышта оқыту жүйесінің бір құрылымдық бөлшегі ретінде, білім беру барысында,

әр сабақ үстінде, оның ішінде әрбір жаттығу мен тапсырманы орындау барысында мұғалім мен оқушының кері байланыс функциясын қамтамасыз етуші. Мұндай кері байланыстың тұрақты түрде орнығуы білім беру процесіндегі екі субъектінің яғни мұғалім мен оқушының оқыту процесінің сапалы болуына қойылған талаптарды орындауын қамтамасыз етеді.

Қалыптастырушы бағалауды қолдану арқылы оқушының білім бағалау үйесін жетілдіру іске асырылады, бастауыш сынып оқушысының жеке білімдік траекториясының қалыптасуына және оның траекторияның алға қарай жылжып отыруына тірек болатын жаңа бағалау және оқыту жүйелері айқындалады. Осындай маңызды мәселенің теориялық негіздері мен жүйесін, модельдерін, әдістемесін, технологиялық болмысын зерттеу арқылы бастауыш сыныпта метапәндік оқытуда оқушылардың мотивациясының жоғарылауына, білім беру процесінің сапалы деңгейге көтерілуіне қажетті тіректерді анықтауға болады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуде Алматы қаласындағы Ш.Уалиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназиясының ұжымына алғыс білдіреміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2020 жылдың 5 мамыры, №182 бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда №20580) (Қаралған күні 18.03.2024 ж.).

2 Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б.

3 Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

4 Кунова Қ.Е. Қалыптастырушы бағалау-табысқа жету баспалдағы. Инновации в образовании: поиски и решения. 2015. – Алматы, 128б.

5 Кулюткин Ю.Н. Творческое мышление в профессиональной деятельности учителя. Вопросы психологии 2 (1986): 21-30.

6 Клерко S. Идеал образованности человека в XXI веке: метаобразование. Future Human Image 3 (2013): 131-147.

7 Bakieva O.A., Mokrousova S.I., and Popova O.A. Metasubject Approach in New Educational Strategies. Человек. Культура. Образование: 2024.-168с.

8 Isaikina M.A., Nedogreeva N.G., and Pokotilo A.S.. Role of metasubject educational results in learners' professional self-consciousness formation. Russian Journal of Education and Psychology 12.3 (2021): 7-18.

9 Громыко Ю.В. Введение в теорию мышления и деятельности. В 3 кн. Кн. 1. -Москва : Пушкинский институт, 2005. – 384 с.

10 Эльконин Д.Б., Давыдов В.В. Некоторые психологические проблемы построения учебных программ. Психологическая наука и образование №1.1 (1996): 42-45.

11 Щедровицкий Г.П. Организационно-деятельностная игра как новая форма организации коллективной мыследеятельности // Методы исследования, диагностики и развития международных трудовых коллективов. – М., 1983.

12 Сморгачева В.П. Коммуникативная педагогика АС Макаренко. Вестник Московского государственного областного университета 3 (2013): 32.

13 Король А.Д., Китурко И. Ф. Основы эвристического обучения. (2018): 207-207.

14 Альтицуллер Г. Найдти идею: Введение в ТРИЗ – теорию решения изобретательских задач. Альпина Паблшер, 2008.

15 Бонно Э. Нестандартное мышление. Мн.: Харвест 284 (2000).

16 Жұмабаева Ж.А., Уайсова Г.И. Бастауыш сынып пәндерін метапәндік тұрғыдан оқыту мәселелері. Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки» 68.4 (2020): 206-216.

17 <https://www.researchgate.net/publication/380264119>

18 Бермаланфи Л. Общая теория систем: критический обзор. (1969): 23с.

19 <https://nesetweb.eu/en/>

20 Саудабаева Г.С., Шолпанқұлова Г.К., Пәнаралық байланыс негізінде студенттерде метапәндік құзыреттерді қалыптастыру. Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки» 65.1 (2020): 43-48.

21 Фруммин И.Д. Школы, эффективно работающие в сложных социальных контекстах. Вопросы образования 4 (2011): 148-177.

22 Крылова О., Бойцова Е. Технология формирующего оценивания в современной школе. Учебно-методическое пособие. Litres, 2019.

Reference:

- 1 Qazaqstan Respyblkasy Bilim jáne ғылым ministriniń Buuryǵy. Qazaqstan Respyblkasy Bilim jáne ғылым ministriniń 2018 jylǵy 31 qazandaǵy №604 buuryǵyna ózgerister engizilsin tolyqtyrǵyshtar Ertis turaly: 2020 jylǵy 5 мамыры, №182 bekitti (Qazaqstan Respyblkasynynń Ádilet ministriliginde 2020 jylǵy 6 мамыры №20580) (qaralǵan kún 18.03.2024 j.).
- 2 Qazaqstan Respyblkasynynń orta bilim berý uymdaryndaǵy oqý-tárбие prosesiniń erekshelikti turaly ádildik nýsqaǵy hat. - Astana: Y. Altynsarın atyndaǵy UBA, 2023. – 104 b.
- 3 Muǵalimge arnalǵanǵus úshin (negizgi) sengei. «Nazarbaev ziatkerlik mektebi» DBBÝ, 2012.
- 4 Qoneva Q.E. Qalyptastyry baǵalayıǵa-tabysqa jeteleý baspaldaǵy. Bilim berýdegi inovasiolar: izdenister men sheshimder. 2015. - Almaty, 128b.
- 5 Kýlútkin Iý.N. Muǵalimniń kásibi qyzmetindegi shyǵarmashylyq oilay. *Psihologia suraqtary* 2 (1986): 21-30.
- 6 Klepko S. HHI ǵasyrdaǵy adam biliminiń idealy: *Meta bilim. Future Human Image* 3 (2013): 131-147.
- 7 Bakieva O.A., Mokrousov S.I., and Popova O.A. *Metasubject Approach in New Educational Strategies. Adam. Mádeniet. Bilimi: 2024.-168s.*
- 8 Isaikina M.A., Nedogreeva N.G., and Pokotilo A.S.. *Role of metasubject educational results in learners'professional self-consciousness formation. Russian Journal of Education and Psychology* 12.3 (2021): 7-18.
- 9 Gromyko Iý.V. Oilay jáne qyzmet teoriasyna kirispe. 3 kitapta. Kn. 1. - Máskeý: Pýshkan institúty, 2005. – 384 b.
- 10 Elkonin, d.B., Davydov V.V. Oqý baǵdarlamalaryn qurýdyń keibir psihologialyq máseleleri. *Psihologialyq ғылым jáne bilim №1.1* (1996): 42-45.
- 11 Shedrovisku G.P. Uymdastyryshylyq-belsendilik oıny uıymdyq oıdy uıymdastyrydyń jańa formasy retinde // *Halyqaralyq eńbek uıymdaryn zertteý, diagnostikalay jáne damytý ádisteri.* – M., 1983.
- 12 Morchkova V.P. as Makarenkonynń kommýnikativti pedagogikasy. *Máskeý memlekettik oblystyq ýniversitetiniń Habarshysy* 3 (2013): 32.
- 13 Koról A.D., Kutýrko I.F. Evristikalay oqytýdyń negizderi. (2018): 207-207.
- 14 Áltshýller, Genri. *Ideiany tabý: ónertapqyshtyq esepeterdi sheshýdiń úshitik teoriasyna kirispe. Alpi Baspageri*, 2008.
- 15 Bono E. *Qoraptan tys oilay. Mn.: Harvest 284* (2000).
- 16 Jýmabaeva J.A., Yaisova G.I. Bastayyshuly penderin metapándik turǵydan oqý kásipteri. *Abai atyndaǵy Qazupý habarshysy, «Pedagogikalay ғылымдар» seriasy* 68.4 (2020): 206-216.
- 17 <https://www.researchgate.net/publication/380264119>
- 18 Bertalanfi L. *Jalpy júveler teoriasy: synı sholy. (1969): 23s.*
- 19 <https://nesetweb.eu/en/>
- 20 Saýdabaeva G.S., Sholpanqulova G.K., Panaraldyq baulanys negizinde stýdentterde metapándik kúzetshiler qalıptastyrynda. *Abai atyndaǵy Qazupý habarshysy, «Pedagogikalay ғылымдар» seriasy* 65.1 (2020): 43-48.
- 21 Frymun I.D. Kúrdeli áleymettik kontekstterde timdi jumys istetin mektepter. *Bilim berý máseleleri* 4 (2011): 148-177.
- 22 Krylova O., Boisova E. *Qazirgi mekteptegi qalyptastyryshy baǵalay tehnologiasy. Oqý-ádistemelik qural. Litres*, 2019.

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.84.4.038>

Раева М.С.,<sup>1\*</sup>  Асадуллин Р.М.<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Кызылжарская средняя школа, Кобдинский район, Актюбинская обл., Казахстан

<sup>2</sup>Башкирский государственный педагогический университет им. М.Акумлы,  
г. Уфа, Россия

## ФОРМИРОВАНИЕ ПРОЕКТНОЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЕЙ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИИ В СИСТЕМЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

### Аннотация

В статье рассматриваются основные авторские положения проектной педагогической деятельности учителей общеобразовательных учреждений в системе дополнительного образования. Подчеркивается значимость результатов исследований по формированию проектной компетентности учителя как составляющего профессиональной компетентности педагога.

В последние годы, содержание деятельности государственных институтов развития образования, как основного субъекта дополнительного педагогического образования, связано с переподготовкой учителей на